

М.Н. Әбубәкір 

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан
(E-mail: marlen_abubakir@mail.ru)

XX ғ. басындағы «Алаш» қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы (тарихи талдау)

XX ғ. басындағы Қазақстан тарихы түрлі оқиғалар мен саяси өзгерістерге толы кезең болғаны белгілі. Бұл кезеңдегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихының негізгі мәселелерінің бірі — «Алаш» партиясының қалыптасуы, оның тарихи негіздері, саяси және әлеуметтік сипаты және тарихтағы орны. Өзімізге белгілі, қазақ зиялылары Бірінші орыс революциясы кезінде саяси партия құруға тырысты. «Алаш» қозғалысы елдегі аласапыран уақытта адамдарға қамқорлық жасаған саяси күш болды. Мақала «Алаштың» либералды-демократиялық партиядан автономияға дейінгі қалыптасуын зерттеуге арналған. Алаш тарихындағы фактілер мен оқиғаларды жариялай отырып, автор көшбасшылар мен қозғалыс құрылымдарының ұйымдастырушылық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени қызметінің өзекті мәселелеріне назар аударған. Сонымен қатар «Алаш» қозғалысының барлық кезеңдеріне тарихи талдау жүргізіп, Алаш қайраткерлерінің сол кезеңдегі болып жатқан өзгерістерге көзқарасын, олардың ұстанымын атап өтіп, жалпы елдегі саяси жағдайға сипаттама берген. Патша билігі құлатылғаннан кейінгі «Алаш» қозғалысы көшбасшыларының большевиктермен елдің саяси қайта құрылуы туралы мәселе бойынша өзара байланысы жөнінде де айтылған. «Алаш» қозғалысының дамуына ықпал еткен Семей қаласының рөлі де қарастырылған. Мақала авторы Алаш көшбасшыларының Алаш автономиясының астанасы ретінде Семей қаласын таңдауының тарихи мен себептеріне сараптама жасаған.

Кілт сөздер: «Алаш» қозғалысы, Қазақстан тарихы, партия, қазақ зиялылары, автономия, Қазақстанның саяси тарихы, Алашорда.

Кіріспе

Ресей империясы XX ғасырдың басталуын «соғыстар және революциялар» кезеңі деп анықтайды. Себебі, XX ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясы және Қазақстанның тарихи даму бағытын түбегейлі өзгеріске ұшыратқан маңызды оқиғалар орын алды. 1905–1907 жж. орыс революциясы жеңілгенімен, оның қазақтардың сана-сезімінің және өлкедегі демократиялық қозғалыстың пайда болуы мен дамуына ықпалы зор болды. Осы революциялық оқиғалардың ықпалымен Қазақстанда барлық әлеуметтік, этникалық және конфессиялық топтардың «оянуы» жүзеге асырылды, саяси партиялар мен қозғалыстар құрылды және қазақ халқының ерен жүйрік ұлдары — әйгілі тұлғалары саяси аренаға шықты. Сондықтан, XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі «Алаш» қозғалысының алатын орны мен маңызын зерттеу әлі күнге дейін отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» қозғалысының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр. Бұл туралы ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев өзінің «Алаш қозғалысы» еңбегінде «бұл тақырыпты байыпты, жан-жақты және терең зерттеу қажеттілігі, біздің пікірімізше, ең алдымен бүгінгі қоғамдық өмір сұранысынан, соған сай таным құралы ретінде тарих ғылымының табиғи болмысынан туындайды. Кез келген өркениетті елде тарих ғылымы сол елдің, халықтың жүріп өткен жолын, әсіресе күрделі тарихи өтпелі кезеңдер мен сол кезеңдерде өзінің қоғамдық қызметімен тарихта терең із қалдырған қоғамдық күштердің, жеке тарихи қайраткерлердің өмір жолын зерттеу арқылы өзінің гуманистік міндетін орындап отырған және сол арқылы прогреске қызмет еткен», – деп жазды [1; 102].

«Алаш» қозғалысы — 1905 жылдан бастап 1920 жылдың көктеміне дейін ұласқан және Қазақстанның барлық өңірлерін қамтыған ұлт-азаттық саяси және мәдени қозғалыс. Оның ауқымына осы кезеңдегі оқиғалар енеді. 1905 жылы «Қарқаралы құзырхаты» және басқа да саяси-қоғамдық шаралардан басталған қозғалыс Қазақ өлкесін басқару жөніндегі төңкерістік комитеті тарапынан

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: marlen_abubakir@mail.ru

1920 жылғы 5 наурызда таратылғанына дейін Қазақстанның барлық аймақтарын қамтып, шын мәніндегі ұлт-азаттық қозғалысқа айналды. «Алаш» партиясы», «Алаш автономиясы», «Алашорданың Халық кеңесі» осы қозғалыстың аясында туған саяси құбылыстар [2].

Әрине, қазіргі отандық және шетелдік тарихнамада «Алаш» қозғалысы мен «Алаш» партиясының тарихы бойынша айтарлықтай ғылыми және публицистикалық еңбектер бар. Дегенмен, бұл мәселе бойынша зерттеу жұмыстары толық жүргізіліп болды деп айта алмаймыз, сондықтан «Алаш» қозғалысы мәселесіне тарихшылар әлі күнге дейін қызығушылық танытуда. Осыны ескере отырып, мақаланың мақсаты — ХХ ғ. алғашқы ширегіндегі «Алаш» қозғалысын және ұлттық идея мәселелерін зерттеу.

Материалдар және зерттеу әдістері

Мақаланың деректік материалдарын 2018 жылы З.Е. Кабульдиновтің редакторлығымен басылып шыққан «Алаш в истории государственности Казахстана: идеи, судьбы, наследие. Сборник архивных документов и материалов» [3] аталатын құжаттар жинағы құрайды. Бұл жинақта қозғалыстың тарихына, қозғалыстың қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдеріне қатысты архив құжаттары берілген. Жинақтың материалдары «Алаш» ұлттық-демократиялық партиясының қалыптасу үдерістері және оның патша билігі жойылғаннан соң Қазақ автономиясын құру үшін күресін зерттеуге мүмкіндік береді. Осымен бірге, Е. Кариннің редакторлығымен 2023 ж. жарық көрген «Алашорда ісі. 1920–1940 ж. Құжаттар мен материалдар» [4] жинағының бірінші томының біз үшін маңызы жоғары. Бұл жинақ 1917 жылғы 21 қазандағы «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасын, 1917 жылғы 5–13 желтоқсандағы ІІ Жалпықазақ съезд отырысының хаттамасын және т.б. құжаттарды қамтыған. Тақырыпты зерттеу барысында Ә. Бөкейханның [5] және Т. Рысқұловтың [6] шығармалар жинағы да кеңінен пайдаланылды.

Мақаланың әдіснамалық негізін диалектика және объективтілік принциптері құрайды. «Алаш» қозғалысының дамуын, оның себеп-салдарын анықтау барысында диалектика принципі басшылыққа алынды. Объективтілік принципі «Алаш» қозғалысының, «Алаш» партиясының және Алашорда үкіметінің дамуын қарастыру барысында негізге алынды. Аталған принциптер «Алаш» қозғалысының дамуын, оның өзгеріске ұшырауын тарихи байланыста жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді. Мақаланы жазу барысында ретроспективтік әдіс қолданылды. Бұл «Алаш» қозғалысына қатысты тарихи оқиғалардың даму заңдылықтары мен себеп-салдарын көрсетуге мүмкіндік туғызып, тарихи дамудағы субъективті фактор мен объективті фактордың арақатынасын анықтауда пайдаланылды.

«Алаш» қозғалысының қалыптасуы мен дамуын зерттеуде кезеңдеу әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы қозғалысты тек қана ұзақ мерзімді интервалда емес, қысқа мерзімде де зерттеуге мүмкіндік жасайды. Кезеңдеу әдісінің негізінде «Алаш» қозғалысының қалыптасуынан бастап, соңынан «Алаш» партиясының, Алашорда үкіметінің құрылуы кезең бойынша қарастырылды. «Алаш» қозғалысының тарихына қатысты бар деректік материалдардан ақпарат алудың маңызды бір әдісі ретінде контент-талдау әдісі пайдаланылды. Бұл әдіс ХХ ғ. бас кезіндегі І-ші және ІІ Мемлекеттік думаға қатысқан қазақ интеллигенциясының қызметіне сапалық-сандық талдау жасауға мүмкіндік береді.

Талқылау және нәтижелері

Алдымен «Алаш» қозғалысы, «Алаш» партиясы, «Алаш автономиясы», «Алашорданың Халық кеңесі» деген ұғымдарға тоқталар болсақ, бұл ұғымдар туралы К. Нұрпейісов: «Алаш» немесе «Алашорда қозғалысы» бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Сондықтан да әуел бастан, «Алаш» (Алашорда) қозғалысына жататын жекелеген мәселелердің басын ашып, оларды нақты түрде қарастырған жөн сияқты. Олар, біріншіден, саяси партия ретіндегі «Алаш»; екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы; үшіншіден, осы автономияның («Алаш» атты қазақтың мемлекеттігін) басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы (Алашорда үкіметі) туралы мәселелер. Басқа сөзбен айтқанда, осы нақты үш мәселе жиынтығы «Алаш» немесе «Алашорда» қозғалысы деген ұғымды білдіреді. «Алаш» («Алашорда») қозғалысы деген ұғым 1920–30 жылдардағы ғылыми және саяси әдебиетте қалыптасты» деп жазады [2: 5-6]. Е. Тілешов пен Д. Қамзабекұлы ««Алаш» қозғалысы — 1905 жылдан бастап 1920 жылдың көктеміне дейін ұласқан және Қазақстанның барлық өңірлерін қамтыған ұлт-азаттық саяси және мәдени қозғалыс. Оның ауқымына осы кезеңдегі оқиғалар енеді. 1905 жылы «Қарқаралы құзырхаты» және басқа да саяси-

қоғамдық шаралардан басталған қозғалыс Қазақ өлкесін басқару жөніндегі төңкерістік комитет тарапынан 1920 жылғы 5 наурызда таратылғанына дейін Қазақстанның барлық аймақтарын қамтып, шын мәніндегі ұлт-азаттық қозғалысқа айналды. ««Алаш» партиясы, «Алаш» автономиясы, «Алашорданың Халық кеңесі» осы қозғалыстың аясында туған саяси құбылыстар» [7] деп атап көрсетеді.

Жоғарыда аталған маңызды ұғымдарды түсіну үшін бізге «Алаш» қозғалысының даму кезеңдерін бөліп қарастырудың маңызы бар. Кеңестік кезеңнің зерттеушілері «Алаш» қозғалысының кезеңделу мәселесіне және «Алаш» партиясы тарихының кезеңдеріне назар аударған жоқ. Дегенмен, 1920 жылы бұл мәселе жанама түрде қарастырылып, ұлттық интеллигенцияның рөлі мен орнын анықтау туралы пікірталас барысында талқыға алынды. Соның ішінде, Т. Рысқұлов өзінің 1926-1927 жылдар аралығындағы кейбір басылымдарында қазақ қоғамындағы либералдық-демократиялық қозғалыстың ерекшеліктері мен сипатын атап өтеді.

Ұлттық интеллигенция тарихының мәселелерін зерттей отырып, Т. Рысқұлов интеллигенцияның қоғамдық-саяси қызметінің кезеңдерін сипаттап, 1917 жылғы Ақпан революциясына дейін интеллигенцияның прогрессивті рөл атқарғандығы және «Алаш» қозғалысының жалпы демократиялық сипатта болғаны туралы қорытынды шығарады. Осылайша, оның көзқарасы 1920 жылдың бірінші жартысындағы ресми көзқарасқа сәйкес келді. Ол «революцияға дейін ұлттық интеллигенцияның қызметі патшалыққа, ескірген және артта қалған құрылысқа қарсы бағытталды, олар қоғамдық қатынастардың прогрессивті формасының дамуын қолдады... Бірақ, Ақпан революциясы кезеңінде, әсіресе, Қазан революциясынан кейін бұл интеллигенция белгілі бір жағдайларға байланысты революцияға қарсы шығады, сондықтан интеллигенцияның қызметі реакциялық сипатқа ие болады» [6: 268] деп көрсетеді. Т. Рысқұловтың көзқарасы бойынша «Алаш» қозғалысы тарихының 1917 жылға дейінгі демократиялық және 1917 жылдың ақпанынан кейінгі реакциялық деп аталатын кезеңін байқауға болады.

«Алаш» қозғалысының даму кезеңін ұсынған келесі зерттеуші Д.А. Аманжолова өзінің монографияларында «Алаш» тарихының үш ірі кезеңін бөліп көрсетеді: біріншісі — 1905–1916 жж.; екінші кезеңі — 1917 ж.; үшінші кезеңі — 1918–1920 жж. [8; 185-186], [9; 349–351]. Ол бірінші кезең бойынша келесідей қорытынды шығарады: 1905 жылы пайда болған және басында батыстық либералдық интеллигенция өкілдері құрған қозғалыс конституциялық-демократиялық және земствалық оппозиция қозғалыс ағысында дамыды [8; 185]. «Алаш» тарихының екінші кезеңі 1917 жылғы революциямен сәйкес келгендіктен ұзаққа созылған жоқ, дегенмен маңызды кезең болды. Дәл осы 1917 жылы ұлттық өзін-өзі басқару органы ретінде қазақ комитеттерін құру және облыстық съездерді шақырудан «Алаш» қозғалысы екі жалпы ұлттық форумды шақыруға, жалпы саяси және әлеуметтік-экономикалық талаптармен қатар Ресей демократиялық федерациясындағы ұлттық-территориялық автономияның жаңа лозунгтарын жариялауға көшті. «Алаш» қозғалысы мүшелерінің идеялық-саяси бағыты өзгерді [8; 186]. Үшінші кезеңде, өлкеде кеңестердің билігі орнаған соң және олармен ымыраға келудің мүмкін болмауынан кейін Алаш антибольшевиктік одақтармен бірігеді. Осындай одақтың арқасында «Алаш» қозғалысының жетешілері халықтың аман қалу мүмкіндіктерін көрді [9; 351].

Біздің пікірімізше, бірінші кезеңде «Алаш» қозғалысы жетекшілерінің қызметі I және II Мемлекеттік думаға қатысу іс-шараларымен тығыз байланысты болды. Себебі, бұл думалардағы қазақ депутаттары — алашордалықтардың қызметі егемендік туралы ұлттық ой тамырының тереңде жатқандығын көрсетеді. Өзімізге белгілі, Қазақстандағы I Мемлекеттік думаға сайлау өткізу күрделі жағдайда жүрді. Өйткені, Дала өлкесі әскери жағдай жарияланған жергілікті орындар тізіміне кірді және мұндай жағдайдың өзі әкімшіліктің озбырлығы үшін үлкен мүмкіндіктер тудырды. Мысалы, 1906 ж. 24 қаңтарда Ақмола облысының әскери губернаторының қаулысына сәйкес жиналыстар, манифестациялар, т.б. жаппай іс-шаралар жүргізуге тыйым салынды. Мемлекеттік думаға сайлау кезінде Думаны көшпенділердің құқықтарын қорғау үшін қолдануға шақырған алдыңғы қатарлы қазақ демократиялық интеллигенциясы өздерінің қызметін белсендете бастады. Дала өлкесінің жергілікті тұрғындарын кемсітуге қарамастан, бұл құбылыс Ресейде және оның шеткері аймақтарында парламентаризмнің қалыптасуының бастамасына айналды.

Қазақ даласындағы I Думаға сайлау компаниясы 1906 жылдың сәуір айының аяғында басталды. Бұл кезеңде Мемлекеттік дума өзінің қызметіне кіріссе, ал Семей облысының болыстарында тек қана сайлаушылардың тізімін тексеріп үлгерді [10; 40]. Сайлау алдындағы күрес Омбыда, Ақмолада, Семейде, Петропавлда, Өскеменде орын алды және социал-демократтар айтарлықтай белсенділік

танытты. Олар Думаның бойкот жариялау тактикасын қателік деп танып, жергілікті социал-демократтарды сайлау компаниясына қатысуға үгіттеді. Социал-демократтармен бірге, Омбыда, Семей мен Өскеменде сайлау компанияларында кадеттердің жақтаушылары да белсенділік танытты.

1906 жылы маусымда Дала өлкесі халықтарының арасынан I Мемлекеттік думаға депутаттарды сайлау өтті. Оған Торғай облысынан А.К. Бірімжанов, Уфа облысынан С.С. Жантореев, Орал облысынан А.К. Кальменов, Астрахан облысынан Д.С. Ноян-Дундутов, Ақмола облысынан Ш. Қосшығұлов, Семей облысынан Ә. Бөкейхан қатысу құқығына ие болды [11]. Жалпы алғанда, екі айдың ішінде I Дума қандайда бір заң жобасын қабылдап үлгерген жоқ. Оның негізгі қызметі үкіметтің және оның жекелеген мүшелерінің саясатын сынға алумен, комиссия сайлаумен және патша үкіметіне жауап сөздерін даярлаумен байланысты болды. Осымен бірге, I Думаның көтерген негізгі мәселесі аграрлық саламен тығыз байланысты болған.

I Дума 1906 жылдың сәуірінен бастап шілдеге дейін қысқа уақыт жұмыс жасағанына қарамастан, оның қызметі Ресей империясының саяси дамуының маңызды факторына айналып, қоғамдық өмірдің көптеген салаларына өзінің ықпалын тигізді. Думаға әртүрлі саяси партиялар мен халықтардың жарқын өкілдері сайланды. Олар фракцияларды құру, палатаның регламентін өңдеу, үкіметке депутаттық сұраныстарды жіберу т.б. маңызды жұмыстар бойынша өздерінің шеберлігін көрсетіп, ағарту ісіне, мәдени-ұлттық автономияларды дамытуға, ұлттық азшылдықты қорғауға айтарлықтай көңіл бөлді. Осымен бірге, I Думаның таратылуына қарамастан, қазақ даласындағы қоғамдық толқулар тоқтаған жоқ және бұл II Думаға сайлау өткізу іс-шараларының басталуымен байланысты болды.

1907 жылдың қаңтар-ақпан айларында Дала өлкесінде II Мемлекеттік думаға сайлау жұмыстары өтті. Оған А.К. Бірімжанов (Торғай облысы), Б. Қаратаев (Орал облысы), Б. Кульманов (Астрахан облысы), М. Тынышпаев (Жетісу облысы), Ш. Қосшығұлов (Ақмола облысы), Т. Нұрекенұлы (Семей облысы), Т. Аллабергенов (Сырдария облысы) сайланды [12; 110]. Депутаттар тек қана 73 күн жұмыс істеп, 39 отырыс өткізіп үлгерген. Дегенмен, осы уақыт аралығында қазақ халқының мұқтаждықтары мен мүдделері кең қоғамдастықтың игілігіне айналды. Бірінші орынға аграрлық мәселе қойылды, депутаттар — А. Бірімжанов пен А. Кальменов биліктің жоғарғы органдарына қоныстанушыларға жерді үлестіру барысында заңдардың бұзылуы туралы сұрау салды. Ал, келесі депутаттар, Ш. Қосшығұлов, Т. Нұрекенұлы, Т. Алдабергенов, Б. Кұлманов, А. Бірімжанов, Б. Қаратаевтар Мұсылман фракциясының жұмысына қатысты [13; 16]. Бұл туралы қазақтардың жерлерін заңсыз тартып алу туралы Мемлекеттік дума мүшелерінің Министрлер Кеңесінің төрағасына жіберген сұрауы негізінде 1907 жылы Мемлекеттік думаға 15 депутаттың, соның ішінде 7 қазақ депутат болғандығын анықтауға болады [3; 10–12].

Өзімізге белгілі, 1907 ж. 3 шілдеде II Мемлекеттік дума таратылды. Ал, 3-шілдедегі жарлыққа сәйкес III және IV Мемлекеттік думаларға қазақ халқының атынан сайлауға ешкім қатысқан жоқ. Бұл туралы Ә. Бөкейхан «Қазақ халқы қараңғы және оларға Думада депутаттар керек емес. Үкімет Мемлекеттік думада жерлерінен мәжбүрлі түрде айырылған ол халықтардың (қазақтардың — М.Н.) өкілдерін артық деп санады» [5; 122]. Сондықтан, бұл кезеңде «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің жігері парламент мүшелері, кадеттер және мұсылмандармен байланыстар орнатуға бағытталады. Мұндай байланыстар Дала өлкесіндегі аграрлық мәселе бойынша жаңа сұрау салу мен заң жобасын даярлау үшін қажет болды. Дегенмен, 1908 жылдың 14 және 21-шілдесінде Думаның 60, соңынан 55 мүшесінің бастамалары қолдау таппады [8; 22]. Осылайша, Думадағы қазақтардың мәселесі бойынша басқа халықтар арасынан сайланған депутаттарға сенім артылды.

1907 жылғы 3-маусымдағы жарлыққа сәйкес тартып алынған қазақтардың сайлау құқығын қайта қалпына келтіру және Мемлекеттік думада өзінің өкілдеріне ие болу мүмкіндігі үшін Ә. Бөкейхан әртүрлі думалық фракциялармен ынтымақтастық орнатуға көшті. Оның қажырлығының арқасында 1916 жылғы IV Думада Мұсылмандық фракцияның бюросы ұйымдастырылды, ал өзі оның құрамына жалғыз қазақ өкілі ретінде кірді, соңынан оның ұсынысы бойынша бұл бюроның құрамына 24 жасар Мұстафа Шоқай қабылданған [14].

Отандық зерттеуші З.Г. Сактаганова «Алаш» қозғалысының даму тарихының өзіндік кезеңдерін бөліп көрсетеді: оның пікірінше, бірінші кезең 1905–1917 жж. шілде аралығын қамтиды және бұл кезеңді батыстық қоғамдық-саяси қозғалыстың пайда болуымен байланыстырады. Сонымен қатар З.Г. Сактаганова «Алаш» қозғалысының дамуының бірінші кезеңін ішінара екі кезеңге бөліп көрсетеді: 1905-1913 жж. және 1913 ж. шілдесі — 1917 ж. бірінші кезеңінде батыстық қозғалыс үстем болған жоқ, 1913 ж. қоғамдық-саяси аренада «Қазақ» газетінің пайда болуының арқасында қазақ

қоғамында «Алаш» қозғалысының ықпалы мен беделі үстем бола бастайды. 1917 ж. шілдедегі І-ші Жалпы қазақ съезінде батыстық либералдық-демократиялық қозғалыстың негізінде қазақ даласындағы ықпалды «Алаш» партиясы құрылады [15].

«Алаш» партиясының іске кірісуінің қазан айынан басталғаны, оның атынан депутаттар ұсынылуы, бағдарлама жобасының жариялануымен бірге осы айдан бастап партияның облыстық комитеттері құрылғаны да белгілі. Мысалы, 12-13 қазанда Ә. Бөкейханның қатысуымен Семей облыстық «Алаш» партиясының съезінде комитет құрылып, құрамы сайланса, бұдан соң Ақмола, Торғай облыстық комитеттері құрылды. Олардың төрағалары болып, тиісінше Ғ. Ғаббасұлы, А. Тұрлыбайұлы, Ә. Бөкейхан сайланды [7; 50-51]. «Алаш» партиясының бөлімдері бірнеше уездерде, атап айтқанда Көкшетау, Петропавл, Өскемен, Атбасар, Пішпек т.б. уездерде жұмыс жасады.

1917 ж. қарашада «Қазақ» газетінде жарияланған «Алаш» партиясының бағдарламасында қазақ ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері Ресейді демократиялық федералды республика деп жариялау және сәйкесінше осы федерацияның құрамында қазақ халқына мемлекеттік автономия беру туралы мәселені нақты көтерді. Бағдарламаның антифеодалдық және антиколониалды сипаты әсіресе «Негізгі құқықтар», «Ғылым мен білімді оқыту» бөлімдерінде байқалды. Бұл жерде Ресей Федерациясында дінге, ұлттық және нәсілдік тегіне қарамастан, барлық азаматтарда гендерлік айырмашылықтар бірдей екендігі айтылды. Жиын жасауға, кәсіподақтар ұйымдастыруға, сөз және баспасөз бостандығына құқық беріледі, үй-жайға қол сұғылмауы қорғалады, адамның құқығына қол сұғылмауына кепілдік беріледі және т.б. Партия сонымен бірге әлеуметтік саясатта теңдік қалыпты ұстады. Қозғалыс жетекшілері орыс қоғамындағы белгілі бір жағдайларға байланысты дамыған таптық жіктеу қазақ қоғамында болмаған деген мәлімдеме жасайды [4; 50]. Осылайша, «Алаш» партиясының бағдарламасы Қазақстандағы жаңа қоғамдық-саяси және экономикалық жүйенің негізін қалауға, қоғамды қайта құруға барлық әлеуметтік салалардың толық қатысуын қамтамасыз ететін, терең қайта құрулар үшін қажетті алғышарттар жасауға арналған. Айта кету керек, РКП (б) билікке келген кезде аз ұлттардың әлеуметтік өмірін өзгертуге қатысты нақты бағдарлама болмаған.

З.Г. Сактаганованың пікірінше, «Алаш» тарихының екінші кезеңі 1917 ж. шілде-желтоқсан аралығын қамтиды. Бұл кезеңде «Алаш» қозғалысының жетекшілері қазақ облыстарының «ұлттық-территориялық автономия» құқығы негізінде Ресей Федерациясының құрамында болатындығына үміттенді. Толық тәуелсіздік емес, автономия түрінде өзін-өзі басқаруға ұмтылысы қазақ қоғамының объективті жағдайына байланысты еді. Үшінші кезең 1917 желтоқсан — 1918 ж. сәуір аралығын қамтиды және «Алаш» автономиясын Мәскеудің мойындауы бойынша келіссөздер кезеңін білдіреді. Бұл кезеңнің басталуы желтоқсандағы ІІ Жалпықазақ съезін шақырумен, онда қазақ «Алаш» автономиясын құру туралы және «Алашорда» үкіметін құру туралы шешімнің шығарылуынан басталады [15].

Алашорда үкіметін құрған ІІ Жалпықазақ съезі 1917 жылы қазан айында шақырылып, шамамен бес адамнан тұратын комиссия құрылды (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Досжанов және Е. Омаров). Кейіннен комиссия құрамын тағы бірнеше адам толықтырды. Қазақ газеті ұйымдастырушылық топтың қазақ және қырғыз халықтарына үндеуін жариялады [16; 403]. Онда съездің мақсаты мен міндеттері көрсетілген. Өтініште съезге өздерінің лайықты өкілдерінен қоғамның көкейкесті мәселелерін талқылауға өкілдік етуді сұрады. Сонымен қатар, қоғамда беделі мен ықпалы бар адамдарға жеке шақырулар жіберілді. «Қазақ» газеті Бүкілқазақ съезі отырысының хаттамаларын жариялап, онда барлық съезге қатысушылардың тегі жазылды. Съезд делегаттарының тізімін мұқият зерттегеннен кейін олардың кең өкілдік сипатына және кеңестік тарихнамада съездің әлеуметтік құрамының қасақана бұрмаланғанына оңай көз жеткізуге болады [17].

Ресей Кеңестік Федеративті Социалистік Республикасының Халық Комиссарлар Кеңесі (РКФСР ХКК) төрағасы В.И. Лениннің жариялаған халықтардың өзін-өзі басқаруға құқығын және саяси жағдайды ескере отырып, ІІ Жалпықазақ съезінде, яғни 1917 жылдың желтоқсанда ұлттық тәуелсіздік идеясын қазақ қоғамының өміріне енгізе бастайды. 1917 ж. желтоқсан — 1918 ж. сәуір айларының басында Ә. Бөкейхан бастаған Алашорда үкіметінің мүшелері Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В.И. Ленинмен және Ұлттар ісі жөніндегі халық комиссары И.В. Сталинмен Алаш автономиясын мойындау туралы келіссөздер жүргізеді. Бірақ, орталықсыздану үдерісіне большевиктердің жетекшілері жол бермеді. Яғни, 1917 ж. 2 қарашасында қабылданған «Ресей халықтары құқықтарының декларациясына» қарамастан, РКФСР ХКК тарапынан автономия мойындалған жоқ. Осының нәтижесінде Алашорда үкіметі антикеңестік лагерге көшті.

Зерттеуші З.Г. Сактаганованың пайымдауынша, «Алаш» партиясы тарихының соңғы төртінші кезеңі 1918 ж. сәуір — 1920 ж. наурыз аралығын қамтиды. Бұл кезең «Алаш» партиясының және Алашорда үкіметінің антикеңестік қызметімен байланысты. Осы кезеңнің ішінде тағы да екі кезеңді (1918 ж. сәуір — 1919 ж. наурыз және 1919 ж. наурыз — 1920 ж. наурыз) бөліп көрсетуге болады [15]. Біріншісінде Алашорданың мемлекеттік құрылысы мен заңшығарушылық қызметі, халықтық армияны құру бойынша белсенді жұмыстар атқарылады. Екіншісінде, яғни 1919 ж. наурыз — 1920 ж. наурыз аралығында Алашорданың және оның ұйымдары мен бөлімшелерінің ыдырай бастауы орын алады. 1919 жылдың көктемінің басында А. Байтұрсынов басқарған Алашорданың Торғай бөлімшесі, 1919 жылдың желтоқсанының басында Х. Досмұхамедов жетекші жасаған Батыс бөлімшесі, ал 1920 жылы Ә. Бөкейхан басқарған Семей бөлімшесі ыдырайды. Нәтижесінде, 1920 жылдың наурызында «Алаш» партиясы, «Алаш автономиясы» және Алашорда үкіметі (Алашорданың Халықтық кеңесі) өзінің өмір сүрін тоқтатады.

«Алаш» қозғалысының тарихында Семейдің орны жоғары болғанын ерекше атап өтуіміз керек. Бұл туралы Ә. Бөкейхан «Қазақ» газетіндегі «Оқушыларға жәрдем қауымы» мақаласында бұл қауымның бас басқармасын ашуға Троицкі, Орынборға қарағанда қолайлысы Семей, өйткені мұнда оқыған басшы боларлық жігіттердің басы құраулы [18] деп көрсеткен. К. Нұрпейісовтің зерттеулерінде [2] Алаш автономиясын құру мәселесі алғаш рет Семей облысы қазақтарының съездерінде талқыланып, одан соң көп ұзамай Орынборда өткен II Жалпықазақ съезінде жүзеге асқаны атап көрсетілген. Осымен қатар, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін, жалпы Семей облысы өмірінде орын алған маңызды тарихи оқиғалар қатарына Ә. Бөкейханның Семей, Торғай, Ақмола, Жетісу облыстары мен Қостанай уезі делегаттарын Томск қаласында өткен Жалпы Сібір съезіне бастап баруы және онда ұлттық автономия мәселесіне қатысты өзінің басты саяси ұстанымын ашық мәлімдеуі, сондай-ақ одан қайтқан сапарында «Алаш» партиясының Семей облыстық комитетін құруы, Алаш қалалық Думасы мен Семей уездік Земство депутаттарын сайлау науқандарының өткізілуі, «Алаш» партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиынына депутаттардың сайлануы, ақыр соңында II Жалпықазақ съезінің шешімімен Алашорда үкіметінің Семей қаласына қоныс аударуы сияқты маңызды оқиғаларды жатқызуға болады.

Қорытынды

Қазақстандағы XX ғасырдың бірінші ширегі қазақ халқының сана-сезімінің өсуімен белгілі болды. Бұл кезеңдегі қазақ қоғамындағы ұлттық қозғалыс біркелкі болмады, бастауында қазақ зиялылары тұрған әртүрлі ағымдары орын алды. Ұлттық қозғалыс үш фактордың ықпалымен дамыды. Оның біріншісі, отарлау саясатының нәтижесінде орын алған және қазақ халқының болашақта дамуына сенімсіздік тудырған дәстүрлі қоғамның өміршендігінің күйреуге ұшырауымен байланысты, екіншісі, либерализм қуатының өсуімен байланысты болса, үшіншісі, ұлт-азаттық қозғалыстың географиясы мен көлемінің ұлғайымен байланысты еді. Әрине, қазақ ұлттық идеясының мақсаттары мен міндеттері Бірінші орыс революциясы және одан кейінгі Мемлекеттік думаларға сайлау кезеңінде нақтылана бастады. Мемлекеттік құрылыс пен демократия мәселесі бойынша партиялар мен метрополияның қоғамдық-саяси ағымдары арасындағы тартыстар, патша билігіне қарсы көтерілістер және әлеуметтік-экономикалық теңсіздік қазақ ұлттық интеллигенция өкілдерін, сонымен қоса қазақ халқын Қазақстанның болашағы туралы ойлануға мәжбүр етті. Әрине, алашордалықтар қатысқан I және II Мемлекеттік думалар қазақ қоғамының отарлық сипатын жақсартатын заңдарды дүниеге әкелген жоқ, дегенмен, қазақ интеллигенциясының саяси күресі мұнымен тоқтап қалмады. Екі думаға қатысу арқылы Алаш қайраткерлері мен қазақ халқы өздерінің мүдделерін қорғау бойынша үлкен тәжірибеге ие болды және ең басты мақсатқа қол жеткізу үшін барлық халықтың белсендігі, бірлігі және бір мақсатта әрекет ету керектігін түсінді және бұл «Алаш» партиясының, соңынан Алашорда үкіметінің құрылу барысында анық көрінді.

Өзінің әлеуметтік табиғаты жағынан «Алаш» партиясы қазақ ұлттық-демократиялық интеллигенцияның саяси ұйымы болды. Саяси аренадан кеткеннен соң да «Алаш» қозғалысының қайраткерлері Қазақстанның халық шаруашылығының, мәдениет пен ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қосты. Сондықтан, «Алаш» қозғалысының пайда болуы мен дамуы үлкен тарихи маңызға ие болды. «Алаш» қозғалысының, оның саяси партиясының ұлттық мемлекет турасындағы идеясын оқып, білуіміз, оны тәуелсіз еліміздің мемлекеттілік ілімімен ұштастыра алуымыз қазіргі жаңа әлемде құрып жатқан жаңа Қазақстан үшін маңызды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Койгельдиев М. Алаш қозғалысы / М. Койгельдиев. — Алматы, «Санат» баспасы, 1995. — 368 б.
- 2 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда / К. Нұрпейісов. — Алматы: Ататек, 1995. — 255 б.
- 3 Алаш в истории государственности Казахстана: идеи, судьбы, наследие. Сборник архивных документов и материалов / Сост.: М.М. Козыбаева, З.Т. Садвокасова, Ф.Р. Лебаев; гл.ред. З.Е. Кабульдинов. — Алматы: Литера-М, 2018 — 432 с.
- 4 Алашорда ісі. 1920-1940 ж. Құжаттар мен материалдар / Бас редактор Е.Карин. — Алматы: «Кітаp» баспасы, 2023. — 572 б.
- 5 Букейханов А. Избранное. Собрание сочинений / А. Букейханов. — Алматы: Өлке, 2002. — 248 с.
- 6 Рыскулов Т. Собрание сочинений [в 3-х т.] / Т. Рыскулов. — Алматы: Казахстан, 1998. — Т. 3: Ответ на письмо группы молодежи в газете «Советская степь» «Об ауле, интеллигенции, компартии и культуре». — С. 266–272.
- 7 Тілешов Е. Алаш қозғалысы / Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы. — Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. — 528 б.
- 8 Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш / Д.А. Аманжолова. — Москва: Россия молодая, 1994. — 213 с.
- 9 Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана / Д.А. Аманжолова. — Алматы: Издательский дом Таймас, 2009. — 410 с.
- 10 Буктургутова Р.С. Общественное движение в Степном крае в конце XIX — начале XX вв.: автореф. дис. на соискание уч. степени д-ра ист. наук / Р.С. Буктургутова. — Омск, 2007. — 51 с.
- 11 Усеинова Г.Р. А.Н. Букейханов и Государственная Дума / Г.Р. Усеинова // Вестник Казахского национального университета. Серия юридическая. — 2005. — № 1(33). — С. 114–116.
- 12 Озганбай О. Государственная Дума России и Казахстан (1905–1917 гг.) / О. Озганбай. — Алматы, 2000. — 318 с.
- 13 Кенжебаев Н.Т. Казахский народ в начале XX века: трагический опыт модернизации / Н.Т. Кенжебаев, А.К. Бисенбаев, С.А. Асанова // Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение: сборник статей. — Алматы, 1993. — С. 16.
- 14 Құл-Мұхаммед М. «Алаш» бағдарламасы: қиянат пен ақиқат: монография = Программа «Алаш»: фальсификация и действительность: монография / М. Құл-Мұхаммед. — Алматы: Атамұра, 2000. — 240 с.
- 15 Сактаганова З.Г. К вопросу об этапах истории партии «Алаш» [Электронный ресурс] / З.Г. Сактаганова. — Режим доступа: <https://repo.kspi.kz/bitstream/handle/item/2325/2017.10-alash-9.pdf?sequence=1&isAllowed=y>
- 16 Койгелдиев М. Алаш қозғалысы / М. Койгелдиев. — Алматы, 2008. — 426 б.
- 17 Халитова И.Р. Проблема народного образования в Казахстане в 1867–1914гг. Восточный Казахстан: автореф. дис. на соискание уч. степени канд. дис. ист. наук / И.Р. Халитова. — Алма-Ата, 1952. — 21 с.
- 18 «Қазақ» газеті. — 1915. — № 114. — 28 наурыз.

М.Н. Әбубәкір

Движение «Алаш» и казахская национальная идея начала XX века (исторический анализ)

Начало XX века в истории Казахстана — период, насыщенный разнообразными политическими событиями и изменениями. Одним из ключевых вопросов истории национально освободительного движения является становление партии «Алаш», ее исторические основы, политический и социальный характер и её место в истории. Казахская интеллигенция стремилась создать политическую партию во время первой русской революции. Движение «Алаш» было политической силой, заботившейся о людях в беспокойное время в стране. Данная статья посвящена изучению становления Алаш от либерально-демократической партии до автономии. Освещая факты и события в истории Алаш, автор акцентирует внимание на актуальных проблемах организационно-политической, социально-экономической, культурной деятельности лидеров и структур движения от зарождения до завершающей стадии. Автор статьи проводит подробный исторический анализ всех этапов движения «Алаш», параллельно раскрывая политическую ситуацию в стране, отмечая отношение деятелей Алаш к происходящим изменениям и их позицию. Уделяется внимание вопросу взаимоотношения лидеров движения «Алаш» с большевиками о политических переустройствах страны после свержения царской власти. Рассматривается роль города Семей, давшего пассионарный толчок движению «Алаш». Анализируются исторические предпосылки выбора города Семей в качестве Алашской автономии её лидерами.

Ключевые слова: движение «Алаш», история Казахстана, партия, казахская интеллигенция, автономия, политическая история Казахстана, Алаш Орда.

“Alash” movement and Kazakh national idea of the early XX century

The beginning of the XX century in the history of Kazakhstan is a period saturated with various events and political changes. One of the key issues in the history of the national liberation movement is the formation of the “Alash” party, its historical foundations, political and social character and place in history. Kazakh intellectuals tried to create a political party during the first Russian Revolution. The “Alash” movement was a political force that took care of the people during the turbulent times in the country. In this regard, this article explores the formation of Alash from a liberal-democratic party to autonomy. Covering the facts and events in the history of Alash, the author focuses on the actual problems of organizational-political, socio-economic, cultural activities of the leaders and structures of the movement from the inception to the final stage. The author of the article conducts a detailed historical analysis of all stages of the “Alash” movement, in parallel revealing the political situation in the country as a whole, noting the attitude of Alash figures to the ongoing changes, their position. Attention is paid to the relationship between the leaders of the “Alash” movement and the Bolsheviks on the political reorganization of the country after the overthrow of tsarist power. Also, the article considers the role of the city of Semey, which gave a passionate impetus to the “Alash” movement. The author analyzes the history and reasons for the Alash leaders’ choice of Semey as the capital of the Alash autonomy.

Keywords: “Alash” movement, history of Kazakhstan, party, Kazakh intelligentsia, autonomy, political history of Kazakhstan, Alash Orda.

References

- 1 Koigeldiev, M. (1995). *Alash qozgalysy [Alash movement]*. Almaty, «Sanat» baspasy [in Kazakh].
- 2 Nurpeisov, K. (1995). *Alash ham Alashorda [Alash and Alashorda]*. Alma-Ata, Atatek [in Kazakh].
- 3 Kozybaev, M.M., Sadvokasova, Z.T., & Lebaev, F.P. (Comp.). (2018). *Alash v istorii gosudarstvennosti Kazakhstana: idei, sudby, nasledie. Sbornik arkhivnykh dokumentov i materialov [Alash in the history of statehood of Kazakhstan: ideas, destiny, heritage. Collection of archival documents and materials]*. Z.E. Kabuldinov (Ed.). Almaty: Litera-M [in Russian].
- 4 Karin, E. (Ed.). (2023). *Alashorda isi. 1920–1940 zh. Quzhattar men materialdar [Alashorda case. 1920–1940 Documents and materials]*. Almaty: «Kitap» baspasy [in Kazakh].
- 5 Bukeikhanov, A. (2002). *Izbrannoe. Sobranie sochinenii [Selected. Collected Works]*. Almaty: Olke [in Russian].
- 6 Ryskulov, T. (1998). *Sobranie sochinenii [Collected Works]*. (Vols. 1–3; Vol. 3): *Otvet na pismo gruppy molodezhi v gazete «Sovetskaia step» «Ob aule, intelligentsii, kompartii i kulture» [Response to the letter of a group of youth in the newspaper «Soviet Steppe» «About the village, intelligentsia, communist party and culture»]*. Almaty: Kazakhstan [in Russian].
- 7 Tileshov, E. & Qamzabekuly, D. *Alash qozgalysy [Alash movement]*. Almaty: «Sardar» baspa uii [in Kazakh].
- 8 Amanzholova, D.A. (1994). *Kazakhskii avtonomizm i Rossiia. Istoriia dvizheniia Alash [Kazakh autonomism and Russia. History of movement Alash]*. Moscow: Rossiia molodaia [in Russian].
- 9 Amanzholova, D.A. (2009). *Na izlome. Alash v etnopoliticheskoi istorii Kazakhstana [At the breaking point. Alash in the ethnopolitical history of Kazakhstan]*. Almaty: Izdatelskii dom Taimas [in Russian].
- 10 Bukturgutova, R.S. (2007). *Obshchestvennoe dvizhenie v Stepnom krae v kontse XIX — nachale XX vv. [Social movement in the Steppe region in the late 19th — early 20th centuries]*. *Extended abstract of Doctor’s thesis*. Omsk [in Russian].
- 11 Useinova, G.R. (2005). *A.N. Bukeikhanov i Gosudarstvennaia Duma [Bukeikhanov and the State Duma]*. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo universiteta. Seriiia yuridicheskaiia — Bulletin of the Kazakh National University. Legal series*, 1(33), 114–116 [in Russian].
- 12 Ozganbai, O. (2000). *Gosudarstvennaia Duma Rossii i Kazakhstan (1905–1917 gg.) [The State Duma of Russia and Kazakhstan (1905–1917)]*. Almaty [in Russian].
- 13 Kenzhebaev, N.T., Bisenbaev, A.K., & Asanova, S.A. (1993). *Kazakhskii narod v nachale XX veka: tragicheskii opyt modernizatsii [Kazakh people at the beginning of the 20th century: the tragic experience of modernization]*. *Kazakhstan v nachale XX veka: metodologiya, istoriografiia, istochnikovedenie (Sbornik statei) — Kazakhstan at the beginning of the 20th century: methodology, historiography, source study (Collection of articles)*. Almaty [in Russian].
- 14 Kul-Mukhammed, M. (2000). *«Alash» bagdarlamasy: qiianat pen aqiqat: monografiia = Programma «Alash»: Falsifikatsiia i deistvitel’nost: monografiia [Program “Alash”: Falsification and reality: monograph]*. Almaty: Atamura [in Russian].
- 15 Saktaganova, Z.G. *K voprosu ob etapakh istorii partii «Alash» [On the question of the stages of the history of the “Alash” party]*. *repo.kspi.kz*. Retrieved from <https://repo.kspi.kz/bitstream/handle/item/2325/2017.10-alash-9.pdf?sequence=1&isAllowed=y> [in Russian].
- 16 Koigeldiev, M. (2008). *Alash qozgalysy [Alash movement]*. Almaty [in Kazakh].
- 17 Khalitova, I.R. (1952). *Problema narodnogo obrazovaniia v Kazakhstane v 1867–1914 gg. Vostochnyi Kazakhstan [The problem of public education in Kazakhstan in 1867–1914. Eastern Kazakhstan]*. *Extended abstract of Candidate’s thesis*. Alma-Ata [in Russian].

18 (1915). «*Qazaq*» gazetі — “*Qazaq*” newspaper, 114, 28 March [in Kazakh].

Автор туралы мәлімет

Әбубәкір Марлен — PhD докторант, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0001-3144-9201>

Information about author

Abubakir Marlen — PhD student, Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan; <https://orcid.org/0009-0001-3144-9201>